



**Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі  
орталық аппаратының құрылымы туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 27 желтоқсан N 1660.  
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.04.23. N 646 қаулысымен. ~P970646

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес орталық аппарат қызметкерлері шекті санының негізінде 57 адам болып бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігіне министрдің 3 орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасарын, сондай-ақ 13 адамнан тұратын алқа ұстауға рұқсат етілсін.
3. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі

министрлігіне орталық аппараты үшін 4 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. "Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1796 P951796\_

қаулысының күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 27 желтоқсандағы  
N 1660 қаулысына  
Қосымша

Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір  
өнеркәсібі министрлігі орталық аппаратының

## ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Энергетика басқармасы

Көмір және атом өнеркәсібі басқармасы

Экономика басқармасы

Бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімі

Инвестициялық саясат секторы

Кадр секторы

Режим және әскери-жұмылдыру жұмысы жөніндегі сектор

Аппарат жұмысын ұйымдастыру жөніндегі басқарма